

**ҚАЗАҚТҰТЫНУОДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

**6B04110 «МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ БАСҚАРУ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
КҮНДІЗГІ ОҚУ БӨЛІМІНІҢ 1 КУРС
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ОҚУ ТӘЖІРИБЕ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

ҚАРАҒАНДЫ – 2024

Оқу тәжірибе бағдарламасы PhD, доцент Тапенова Г.С., PhD, доцент Невматулина К.А., PhD, доцент Спанова Б.К. 2024 жылғы 01 наурыздағы Қазақтұтынуодағы ҚарУ-дің ПРВ-112-2024 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелері негізінде әзірледі.

Тәжірибе бағдарламасы 6B04110 «Мемлекет және бизнесті басқару» білім бағдарламасы бойынша академикалық комитетінің отырысында талқыланды.

Хаттама №1 «06» желтоқсан 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі PhD,
доцент



Г.С. Тапенова

Кафедра меңгерушісі PhD,
доцент



К.А. Невматулина

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Тәжірибенің мақсаты мен міндеттері	4
3. Тәжірибенің объектілері мен өтетін орны	4
4. Тәжірибені ұйымдастыру	5
5. Тәжірибе жетекшісінің міндеттері	5
6. Студенттің міндеттері	5
7. Оқу тәжірибенің бағдарламасы	5
8. Оқу тәжірибенің есепті құрастыру бойынша әдіснамалық нұсқаулықтар	6
9. Тәжірибе нәтижесін қорытындылау	7
10. Қосымша	8

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. 27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

5. Кәсіптік стандарт: «Ресурстарды жоспарлау және талдау саласындағы қызмет» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 26.12.2019 №263 бұйрығына №85 қосымша.

6. Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.

2. ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Оқу үдерісінде алынған теориялық білімді бекіту мен тереңдету кіретін, бастапқы кәсіптік құзыреттерге ие болу, зерттеу қызметінің, іскерлік корреспонденциялар жүргізе білудің бастапқы дағдыларын алу, тәжірибелік біліктер мен оқыту мамандығына сәйкес жұмыс дағдыларына ие болу, оқу тәжірибесінің мақсаты болып саналады.

Оқу тәжірибесінің негізгі міндеттері болып мыналар саналады:

- Қазақтұтынуодағы Қарағанды Университеті қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
- болашақ мамандықтың объектілері болып саналатын ұйымды басқару жүйесімен, құрылымымен, ұйымдық-құқықтық формасымен жалпы танысу;
- болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу;
- іс жүргізу мен іскерлік корреспонденцияларды зерделеу;
- еңбек ұжымындағы жұмыс дағдыларына ие.

3. ТӘЖІРИБЕНІҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ӨТЕТІН ОРНЫ

Оқу тәжірибесі - Қазақтұтынуодағы Қарағанды Университетінде жүргізіледі.

4. ТӘЖІРИБЕНҮЙЫМДАСТЫРУ

Экономикалық теория және МЖБ кафедрасы студенттердің оқу тәжірибесінің оқу-әдіснамалық және ұйымдастырушылық басқаруын жүзеге асырады.

Университет атынан қызметін жақсы білетін профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

5. ТӘЖІРИБЕ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Университеттен тағайындалған тәжірибе жетекшісі:

- тәжірибе басталғанға дейін студенттердің тәжірибеге қажетті даярлығын ұйымдастыруға, тәжірибе бағдарламасына сәйкес консультациялар жүргізуге;
- тәжірибе мерзімдері мен оның мазмұнының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға, олардың тәжірибе бағдарламаларын орындауы кезінде студенттерге әдістемелік көмек көрсетуге;
- оқу тәжірибесін өтуі туралы білімгердің есебін тексеруге міндетті.

6. СТУДЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

- тәжірибе бағдарламасын толық орындауы;
- университетте қолданылатын ішкі еңбек тәртібі ережелеріне бағынуы;
- еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі және өндірістік санитария ережелерін зерделеу және қатаң сақтауы;
- тәжірибе жетекшісіне тәжірибеден өту туралы жазбаша есеп табыс етуі тиіс (есептің бірінші беті 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді).

7. ОҚУ ТӘЖІРИБЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

**Орындалатын жұмыстар мен зерттелетін сұрақтар бойынша
практиканың мүмкінді ұзақтығы**

№	Зерттеуге ұсынылатын сұрақтар атауы	Саны (күн)
1	Қазақтұтынуодағы Қарағанды Университет қызметінің негізгі бағыттарымен танысу.	1
2	Мамандықтармен және оқу бағдарламаларымен танысу	1
3	Ұйымның ұйымдастырушылық-құқықтық құрылымын зерттеу, басқару жүйесімен танысу.	1
4	Университетте оқу процесін ұйымдастырумен танысу	1
5	Болашақ кәсіби қызметінің түрлері, қызметтері мен міндеттерін зерттеу	1
	Барлығы: 1 апта (5 күн)	5

1. Университет қызметінің негізгі бағыттары

Жоғары білім беру жүйесімен танысу. Білім беру қызмет нарығында университеттің ережелерімен танысу. Білім беру қызмет нарығындағы көрсеткіштерді зерттеу.

2. Мамандықтар және оқу бағдарламалары

Университет мамандықтарымен танысу. Оқу процесінің мазмұны мен ұйымдастыруын анықтайтын құжаттарымен танысу (күнтізбелік оқу тізбегі, оқу жоспары, пәндердің бағдарламалары)

3. Ұйымның ұйымдастырушылық-құқықтық құрылымы, басқару жүйесі

Университеттің ұйымдастыру құрылымын зерттеу (кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымын қалыптастыру және сипаттама беру), ұйымды басқарудың стратегиясы мен тактикасымен танысу. Университеттің басқару құрылымымен танысу.

4. Университетте оқу процесін ұйымдастыру

Университетте оқу процесін ұйымдастыру (кафедра меңгерушісімен және кафедраның ПОҚ кездесу; нормативтік құжаттармен танысу, кафедраның іс қағаздарын ұйымдастыру технологиясымен танысу, кафедра және университеттің стратегиялық жоспарымен танысу;)

5. Болашақ кәсіби қызметінің түрлері, қызметтері мен міндеттері

Болашақ кәсіби қызметінің түрлері, қызметтері мен міндеттерімен танысу. Бакалаврдың кәсіби қызметінің түрлері және объектілерімен танысу.

Модульдік білім беру бағдарламаны игеру нәтижесіне қойылатын талаптарды және түлектерді дайындаудың компетенттік әдістерді зерттеу.

8. ОҚУ ТӘЖІРИБЕ БОЙЫНША ЕСЕПТІ ҚҰРАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСНАМАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАР

1. Университет қызметінің негізгі бағыттары

Осы бөлімде қарастыру үшін мыналарды зерттеу қажет:

- 1) білім жүйесінің деңгейлері;
- 2) Университетте білім алушылардың саны және қызмет орташа үлесу;
- 3) жоғары біліктілік кадрларды даярлау бағдарламалары.

2. Мамандықтар және оқу бағдарламалары

Осы бөлімде қарастыру үшін мыналарды зерттеу қажет:

- 1) университет мамандықтарымен танысу;
- 2) білім беру бағдарламасының паспортымен, білім беру бағдарламасының мазмұны, мамандықтың оқу жоспарлары, пәндердің бағдарламасы, күнтізбелік оқу кестелері мен танысу.

3. Ұйымның ұйымдастырушылық-құқықтық құрылымы, басқару жүйесі

Осы бөлімде қарастыру үшін мыналарды зерттеу қажет:

1) Университеттің атауы, орналасқан жері және қалыптасу тарихы. Атауы – толық, қысқартылған және шет тілінде.

2) Университет миссиясы, мақсаты және атқаратын қызметінің түрлері. Университеттің құрылтай құжаттарын негізінде, сондай-ақ олардың ресми сайтының көмегімен талданады.

3) Университеттің ұйымдық-құқықтық формасы, олардың ұйымдастырушылық құрылымы және басқару құрылымы. Университетте қандай қызметтер немесе жұмыскерлер жобаны басқаратынын анықтау қажет және сол бөлімнің ережесін мен лауазымдық нұсқамасын талдау қажет.

4. Университетте оқу процесін ұйымдастыру

Осы бөлімде қарастыру үшін мыналарды зерттеу қажет:

1) оқу жұмыс жоспарлары, жұмыс бағдарламалары мен оқу сабақтарының кестесі;

2) университет және кафедраның стратегиялық жоспары;

3) іскерлік хат-хабарды және істер номенклатурасы.

5. Болашақ кәсіби қызметінің түрлері, қызметтері мен міндеттері

Осы бөлімде қарастыру үшін мыналарды зерттеу қажет:

1) білім бері бағдарламасы түлегінің біліктік сипаттамасы;

2) күтілетін білім алу нәтижелері;

3) түлектердің білімділігі деңгейіне талаптар.

Есептің мазмұнына талаптар тәжірибе бойынша есепті құрастыру бойынша әдіснамалық нұсқаулықтарда жазылған.

Есептің көлемі жазу машинасы мәтіні бойынша 10 беттен кем болмауы керек және ол 14 (Times New Roman) шрифт бойынша 1 интервал сайын баспаланады. Абзацтық шегіну мөлшері 1 см құрайды. Есеп мәтіні қатаң түрде келесідей талаптарға сәйкесмрәсімделеді: мәтін А4 форматтағы стандартты беттің бір жағына түсінікті етіп келесідей шектер бойынша: оң жақтан – 1 см, сол жақтан – 3 см; жоғары жақтан – 2см, төмен жақтан – 2,5 см, барлық беттер нөмірленеді және мазмұнында көрсетіледі.

Беттерді нөмірлеу алмаспау қажет, Нөмір араб цифрларымен беттің төменгі жағына ортасында белгіленеді.

Тәжірибе нәтижесі бойынша білім алушы есепті белгіленген кафедраға тапсырады, ол болса Ф.КП-112-12 формадағы студенттердің кәсіби практикасын өту туралы журналына тіркеледі және университет тарапынан жетекшімен тексеріледі.

9. ТӘЖІРИБЕНІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Студент тәжірибе өткені туралы есебін кафедра меңгерушісінің ұйғарымымен жасаған комиссияның алдында қорғайды.

Оқу тәжірибесі бойынша жазбаша есептің титул беті/Титульный лист
письменного отчета по учебной практике

Ф.П-112-08

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

**КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАЗПОТРЕБСОЮЗА**

**Оқу тәжірибесінен өту
ЕСЕБІ
ОТЧЕТ
Прохождения учебной практики**

Студент/студента _____
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

Тобы/группа _____

Тәжірибеден өту орны/Место прохождения практики

(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)

Тәжірибенің басталуы/начало практики _____

Тәжірибенің аяқталуы/окончание практики _____

Есепті университеттен тағайындалған тәжірибе жетекшісі қарады/Отчет
рассмотрен руководителем практики от университета

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы/ Ф.И.О., должность,
звание)

Есеп қорғалды/ Отчет защищен _____
(баға/оценка)

Қорытынды баға/Итоговая оценка _____
(баға/оценка)

Комиссия _____
(Т.А.Ә./Ф.И.О., қолы/подпись)

(Т.А.Ә./Ф.И.О., қолы/подпись)

(Т.А.Ә./Ф.И.О., қолы/подпись)

« _____ » _____ 20 _____ ж./г.